

Жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік төлемдер төлеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қызылорда қалалық әкімдігінің 2008 жылғы 17 қарашадағы N 592 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қызылорда қалалық Әділет басқармасында 2008 жылы 24 қарашада N 10-1-96 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда қалалық әкімдігінің 2012 жылғы 23 қарашадағы N 4929 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда қалалық әкімдігінің 2012.11.23 N 4929 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы және "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңдарына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік төлемдер беру туралы нұсқаулығы бекітілсін.

2. "Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары А . М ұ х и м о в қ а жүктелсін.

4. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

М. Ергешбаев

Қызылорда

қаласы

әкімдігінің

2008

жылғы

17

қараша

N 91 қаулысымен бекітілген

Жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік төлемдер беру туралы нұсқаулық

1. Жалпы ереже

1. Осы нұсқаулық жергілікті бюджеттен бөлінетін қаражат есебінен жекелеген кейбір санаттағы азаматтарға берілетін әлеуметтік төлемдер бағдарламасы бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге отырмаған жесірлеріне, концлагерде тұтқында болғандарға және Ауған соғысының мүгедектері мен қатысушыларына, Чернобыль АЭС апатының зардаптарын жоюға қатысқандар мен мүгедектеріне (әрі қарай - әлеуметтік төлемдер алушылар) тиісті бюджеттерден әлеуметтік төлемдерін көрсету тәртібін белгілейді.

2. Әлеуметтік төлемдер 2008 жылдың қараша - желтоқсан аралығында ж а с а л ы н а д ы .

3. Әлеуметтік төлемдер алушыларға тағайындалып, төленуі "Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі арқылы жүргізіледі.

2. Әлеуметтік төлемдердің түрлері

4. Әлеуметтік төлемдерді алушыларға ай сайынғы төленетін әлеуметтік көмектер төмендегі түрлері бойынша тағайындалады:

- 1) тұрғын үйді ұстауға;
- 2) коммуналдық қызмет көрсетулерге, оның ішінде орталықтандырылған жылу, суық сумен жабдықтау, канализация, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, қоқыс шығару, лифтілерге қызмет көрсету;
3. отынға жұмсалатын;

4. телефонды пайдалану арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар төленеді.

3. Қаржыландыру және төлеу

5. Бағдарлама әкімшісі "Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі болып табылады.

6. Әлеуметтік төлемдер қалалық зейнетақы төлеу орталығы ұсынған жекелеген кейбір санаттағы азаматтардың тізімі бойынша төленеді және қалалық АХАЖ бөлімінің ай сайын ұсынатын қайтыс болғандар тізімі арқылы тоқтатылады.

7. Әлеуметтік төлемдерге арналған қаражаттар ай сайын әлеуметтік төлемдерді алушылардың жеке шоттарына Қазпошта бөлімшелері арқылы аударылады.

8. Тиісті бюджеттерден әлеуметтік төлемдер алушы қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған негіздерге сәйкес тоқтатылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК